

## ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДЕ ШЕТ ТІЛІНДЕ СӨЗДЕРДІ ҮЙРЕТУДІҢ ӘДІСТЕРІ

**Бегимова Г.А.**

gukjik\_76@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Халықаралық қатынастар факультеті,  
Түркітану кафедрасының доценті, филол.ғ.к.

Осыдан он төрт ғасыр бұрын бүгінгі таңда жалпы саны 200 млн.адамға жетіп отырған түркі халықтары бір тілде сөйлеп, Түрік қағанаты атты бір мемлекеттің құрамында тіршілік еткені тарихтан белгілі жайт. Тек YII ғасырдан бастап, олардың тарихында бөліну және ажырау үдерісі басталды. Мұстафа Ататүрк “Жер бетінде түрікке түріктен артық дос жоқ” деген. Осы сөздің мәнін байсалдылықпен пайымдасақ, бұл жақындық түркі халықтарының тілінің бірлігі, дінінің бірлігі, мәдениетінің бірлігі, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің бірлігі арқылы анықтала түспек. Қазақ және түрік тілдерінің тарихи туыстығы, ортақ діл мен діннің болуы көп нәрсенің байыбына терең барлауга жетелейді. Қазіргі уақытта түбі бір түркі тілдерінің сөздік жүйесін реттеу, мүмкін болған жағдайда, ондағы ортақ сөздердің санын көбейтіп, сапалық мүмкіндігін арттыру мәселесі күн тәртібіне қойылуда. Тіл ортақ, тегі бір елдердің арасындағы қарым-қатынастың дұрыс орныгуна, олардың бір-бірін жақсы түсініп, терең байланыстар жасаудың ықпал ететін негізгі факторлардың бірі тіл. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаган кезде шет мемлекеттерінің ішінен бірінші болып мойындаған Түркия Республикасы болғанын да кездейсоқтық деуге болмайды. Мұның ең негізгі факторларының бірі – тілдің жақындығы. Тіл жақындығының арқасында халықтар бір-бірімен тез табысатының аңғарамыз. Басқа мемлекеттерге қарағанда тәуелсіздігін алған Қазақстан және Орта Азия мемлекеттерімен Түркияның тез арада дипломатиялық қарым-қатынас орнатуға ұмтылуын тарихи заңдылық деп қарауға болады. Әйткені бұл халықтардың ата тегі, түбі, тілі, діні, әдет-ғұрпы, салт-санасы ортақ екені тарихтан белгілі. Сондықтан шыққан тегі бір бұл елдердің аймақтық дәрежеде жақындауды ешкімнің алаңдаудың тұғызбайтындағы заңды құбылыс деп бағалауга болады.

Қазіргі түрік тілі Станбул диалектісі негізінде қалыптасты. Станбул диалектісі көне түркі тіліндегі, әсіресе сөз басындағы қатаң дыбыстардың орнына олардың ұяң сыңарларын қолданумен ғ, қ, ң (орнына н) дауыссыздарын қолданыстан шыгаруымен және т.б. ерекшеленеді. Нәтижесінде сыпайы, жұмсақ айтылуымен ақын-жазушылардың, тілші-ғалымдардың, жалпы зиялы қауымның назарын аударып, қазіргі түрік әліпбійнің жасалуына негіз болды [1, 10 б.]. Қазіргі кезде түрік тілі көптеген жоғары оқу орындарында кеңінен оқытылып жатқан тілдердің бірі. Түрік тіліне ұлken мән беріліп үйренуге сұраныс артуда. Осы түрғыдан алып қарағанда, түрік тілін үйретудің әдіс – тәсілдерін көрсету маңызды әрі өзекті болып саналады.

Түрік тілін оқытын студент өзіне таныс емес тілдің дыбыстық құрамын, дыбыстардың айтылу нормасын, дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылышын игеруге, ойын еркін жүргізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын менгеруге тиісті және түрікше сөйлеуге жаттығып, түрік тілінде қарым-қатынас жасай алуы қажет [2, 10 б.]. Тыңдаушыны мұндай дәрежеге жеткізу үшін, оқытудың өзіндік тәсілдері мен амалдары,

жолдары бар. Басқа ұлтқа түрік тілін оқыту әдістемесі түрік тілін оқитын адамның ана тілінің ерекшелігін ескере отырып, оны үйретудің тиімді жолдарын көрсетудің маңызы зор. Бұл ана тілді оқыту әдістемесінен екінші тілді оқыту әдістемесінің өзіне тән ерекшеліктері болатынын дәлелдейді. Алайда қазақ тілді аудиторияда түрік тілін оқыту әдістемесімен, түрік тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесімен және шет тілдерін оқыту әдістемесімен тығыз байланысты жақтары көбірек. Сондықтан олар бір-бірінен нәр алыш, кеңейіп, өрбіп отырады. Тілдерді оқыту әдістемесінің байланыстылығы, жалпы ортақ мәселелердің көптігі соңғы кезде лингводидактика ғылымын туғызды.

Түрік тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту әдістемесінің ғылыми түргыдан зерттелу тарихы терең. Эйтседе оқыту әдістемесі бұрыннан қалыптасқан шет тілдерді оқыту, қазақ, орыс тілін оқыту әдістемелерінен оқып, үйренерімізде баршылық. Түрік тілін басқа тілді аудиторияларда оқыту барысында түрік тілінің өзіндік басты ерекшеліктерін назарда ұстауымыз қажет [3, 10 б.]. Түрік тілі сөз жасау жағынан жалғанбалы тілдер тобына жататындығы бәрімізге айқын. Сондықтан да түрік тілінде жүрнақ түрлері көптең саналады, сонымен қатар төрт тұрлай жалғаудың беретін өзіндік мәғинасы, сөзге жалғану кезіндегі вариантыры да жеткілікті. Түрік тілінде сөздерді үйретуде жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, мынадай басты бағыттарда жұмыс түрлерін жүргізген орынды.

Ең бастысы, студенттің түрік тілінен тілдік қорын молайту. Ол үшін сөздік жұмыстарын үнемі жүргізу. Түрік тіліндегі сөздер көп мәғиналы және синонимдер мен омонимдерге бай. Сөйлемде осындай сөздердің мәғинасын ажыратса білуге, оларды тиімді қолдана білуге үйрету студенттің тілдік қорын байытуда оң нәтижелер береді. Екінші, түрік тілінде сөйлемде сөздердің орын тәртібі тұрақты екенін ескеріп, берілген сөздер арқылы сөйлем құрап үйренуге баулу қажет. Үшіншіден, жалғау түрлерін, олардың сөзге беретін мәғинасын менгеру арқылы сауатты түрде өз ойын ауызша және жазбаша жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру. Төртінші, түрік тілінде сөйлемді тиянақтап, айтылған, ойды тұжырымдап тұратын сөйлем мүшесі – баяндауыш. Баяндауыш негізінен етістіктен тұрады. Сондықтан студенттерге етістіктің шақтарын, оның жасалу жолдарын менгерту олардың өз ойын жүйелі түрде жеткізе алуына негіз болады.

Түрік ғалымы Мехмет Хенгиремен ана тілінің білім алудағы ең басты байлық екендігін айта келіп: «Өзінің ана тілінің мазмұнын, мәғинасын жете түсінбеген, оны ауызша және жазбаша дұрыс қолдана алмаған бала басқа да пәндерді дұрыс түсінуіне қабілеті болмайды, ол баланың болашағына зиян келтіреді» - дейді [4, 10 б.].

Тунджең Гуленсой да өзінің «Түрік тілі» атты еңбегінде, ана тілін оқыту арқылы баланың жалпы ой – өрісін дамытып, мәдениетін өрбіту қажеттігін айтады. Бұл пікір ана тілі туралы болғанымен, екінші шет тілді оқыту ісіне қатысты. Студенттің сөздік қорын дамытудың бір жолы - студент сөздік қоры туралы оқытушының үнемі толық мағлұматы болуымен байланысты, ол өзі оқытып жүрген студенттердің қанышалықты сөздік қоры барлығын үнемі біліп отыруы керек. Студенттің сөздік қорының үнемі толығып отыруы әр сабақта үйретілетін жаңа сөздерге байланысты. Сондықтан да түрік тілінен студенттің сөздік қорын санауда түрде дамытуда жаңа сөздермен жүргізілетін жұмыстардың маңызы өте зор.

### **Жаңа сөздермен жасалатын жұмыстар.**

Студенттерге жаңа сөздерді үйретуде мынадай әдістемелік талаптар ескеріледі:

- Жаңа сөздерді жеке, дара алынбай, басқа сөздермен байланысты мәнінде алынып, қолданыстағы жағдайда беріледі.
- Студенттің белсенді түрде менгеретін жаңа сөздері әр сабақ бойынша еске түсіріліп, қайталанып отырылады.
- Жаңа сөз студенттің түсінүіне қолайлы, жеңіл түрде беріледі [5, 65 б.].  
Ол сөздің сөйлемде түрлі грамматикалық тұлғада қолданылатындығы студенттерге сөздердің бастапқы айтылу негізі бекітілгеннен кейін түсіндіріледі. Жаңа сөзді тиянақтап есте сақтау үшін, сабақтың үстінде түрлі сабақ көрнеліктері, айталық суреттерді ұсыну арқылы жаңа сөзді жаттату. Бұл әдіс жаңадан бастаған, бастапқы деңгейдегі студенттерге арналған. Мысалы:

№1 сурет. Қыдырыу (gezmek) етістігімен байланысты




Отбасымызben қыдырып жүрміз. (Ailece geziyoruz).

№2 сурет. Көрү (seyretmek) етістігімен байланысты



Бала телевизор көріп отыр. (çocuk televizyon seyrediyor)

3 сурет. Ашу (açmak) етістігімен байланысты сурет



Робот терезені ашып жатыр. (Robot pencereyi açıyor).

№4 сурет. Тамақ пісіру (yemek yapmak) етістігімен байланысты



Аспаз тамақ пісіріп жатыр. (Aşçı yemek yapıyor).

№5 сурет балық аулау (balık avlamak) етістігімен байланысты



Ахмет пен Айхан балық аулып отыр. (Ahmet ile Ayhan balık avlıyorlar)

№6 сурет ән айту (şarkı söylemek) етістігімен байланысты



Олар ән айтып отыр. (Onlar şarkı söylüyorlar)

Мұндай тәсілдер сөздердің мағынасын түсініп, есте сақтау тұргысынан өте дұрыс және қолайлы. Сонымен қатар жаңа сөздерді ана тіліндегі сөздердің аудармасын айтуды, түсіндіру сияқты тәсілдер де қолданылады.

### **Жаңа сөздердің сауатты айтуға дағдыландыру.**


Студент алғаш рет түркі тіліндегі сөздерді естігенде, белгілі бір қындыққа ұшырайды. Оқытушы үйретілетін дыбыстың артикуляциясын айтып көрсетеді, үнтаспасынан бірнеше рет тындаатады. Оқытушы әр студенттің дыбысты айтудағы артикуляциясына бақылау жасайды, ол

әр сабақтың үстінде жүргізілетін жұмыс. Түрік тіліндегі дыбыстық ерекшеліктеріне қатысты дыбыстардың дұрыс айтылуын үйрету – жұмыстың өте қыын түрі [6, 256.].

Оқытушы дыбыстардың жеке түрғандагы айтылуынан бастап, буында, буынның ішінде, сөз тіркесінде, сөйлемде, мәтінде айтылуына дейін түрлі жағдайда бірте-бірте күрделендіру тәсілін қолдануы мүмкін. Бұл әдісті жаңа сөзді менгертуге де қолдануға болады. Жаңа сөзді де жеке студентке, оқытушыға еліктеп қайталату әдісі арқылы дұрыс айтып үйретуге болады. Жаңа сөздің дұрыс айтылуын алғашқы кезеңнен бастап–ақ қолға алған дұрыс. Жаңа сөздің айтылуын қалыптастырмаса, кейін оны түзету қыын екенін есте сақтау қажет. Жаңа сөзді жеке түрде дұрыс айтуға үйрету оны менгертудің бастамасы гана. Жаңа сөз сөз тіркесінде, сөйлемде, мәтінде, әңгімелесуде бірнеше рет қайталанады. Сонымен бірге жаңа сөз олардың бәрінде түрленіп, әртүрлі тұлғада беріледі. Сөздің түрлі жағдайда дұрыс айтылуына студентті дағдыландыру, жаңа сөздің айтылу нормасын қалыптастырып, сөздің дұрыс айтылу дағдысын бекітеді.

### **Затты көрсету арқылы жаңа сөз үйрету.**

Студенттерге бастапқы деңгейде сөздің мағынасын түсіндіріп үйрету үшін заттың табиғи өзін көрсетудің маңызы зор.



Затты нақты көрсету арқылы студент сөздің мағынасын түсініп, көру қабілеті арқылы сөзді есте сақтау мүмкіндігі артады. Затты көрсету барысында сөзді тез қабылдайды.

### **Жаңа сөздерді студент есінде тұрақтандыру жолдары, әдістері.**

Жаңа сөздерді студент есінде тұрақтандыру жолдары, әдістері алуан түрлі. Студенттердің сөз байлығын дамытуда, оларды түрікше сөйлей білуге үйретуде мынадай талаптар қойылады:

- Эрбір үйретіletіn сөздерді студент есінде тұрақтандыру.
- Студенттерге үйретілген сөздердің көпшілігін белсенді сөзге айналдыру керек, оған студенттің күнделікті өмірде жиі кездесетін сөздері өте қолайлыш.
- Эрбір үйретілген сөздер қайталанып отырылуы керек.
- Эр сабакта кемінде 15 жаңа сөзді білуі тиіс.

Әрбір жаңа сөзді есінде тұрақтандыру студент тілін дамытуға, сөздік қорын байытуға ұштаспайынша, оның есінде үйренген жаңа сөзі сақталмайды [7, 100 б.].

Студентке жаңа тақырыптармен байланысты үйретіletіn сөздер мен сөз тіркестерін сабак сайын бірте-бірте молайып, ауызекі сөйлеу тілінде, жазу жұмыстарында, мәтіндегі оқу арқылы есте тұрақталады.

Жаңа сөздерді бекіту мына жұмыс түрлері арқылы іске асырылады:

- сөз бен сөз тіркестерін менгерту;
- сөйлем құрату;
- сөйлеуге жағдай жасау;
- жазба жұмыстарын орындау.

Жаңа сөздерді естерінде тұрақтандыру барысында синоним, антоним сөздердің қолданып жаттықтыру тиімді. Оқытушы студенттердің үйренген сөздерін айтады, оның синонимін айтады. Сонымен қатар оқытушы тақтаға немесе кестеге (таблицаға) сөздерді жазып қояды, оқытушының көрсетуімен студенттер синоним, антоним сөздерді тауып жазады.

Қорыта келгенде, соңғы жылдары түркі тілдес мемлекеттер арасында әр қылыш салада байланыстар орнал, күннен күнге ықпалдастықтың артып отырганы ақиқат. Әдеби, тілдік және мәдени салаларда да бұл мәселе күн тәртібінен түспей келеді. Қазақстанның жоғары оқу орындарында түрік тілі мен әдебиеті бөлімдерінің ашылуы, түрік бауырларымыздың қазақ тілін үйренуге, зерттеуге деген құлшылыстары немесе керісінше қазақтардың түрік тілін үйренуге ұмытылыстары туысқан екі ел арасындағы байланыстың өзектілігін аңғартады. Осы тұрғыдан байыптағанда алдымен өзара түсіністіктің кепілі саналатын тілді жақсы менгеру қажеттілігі айтпаса да түсінікті.

#### **Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

1. Қалиев А.К. Қазіргі түрік тілінің фонетикасы. Оқу құралы. Алматы, 2014.
2. Mehmet Hengirmen, Türkçe Dilbilgisi, 4. baskı, Engin yayinevi, Ankara, 2002. 619 s.
3. Doğan Aksan. Türkçenin gücü. Ankara – 1996.
4. Tuncer Gülensoy. Üniversiteler için Türkçe El kitabı. Kayseri – 1998.
5. Bayraktar N. Yabancılara Türkçe Öğretiminin Tarihsel Gelişimi, Çukurova Üniversitesi Yayınları, Adana, 2009
6. Demirel Ö.Yabancı Dil Öğretimi, PEGEM Akademi Yayınları, 2010.
7. Aksan H. Dilin Özellikleri, Tanımı Kurumları, 2010.